

## Панфилов ауданы Жаркент қаласының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан аты жоқ көшелерге ат қою туралы

Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 4 -38-242 шешімі және Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 564 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Панфилов ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 27 қаңтарда N 2-16-129 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12-бабының 5-1 тармағына сәйкес Панфилов аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**, Панфилов аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. Панфилов аудан әкімдігі жанындағы қоғамдық ономастикалық кеңестің Панфилов ауданы Жаркент қаласының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан аты жоқ көшелерге ат қою туралы ұсынысы мақұлданды.

2. Панфилов ауданы Жаркент қаласының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан аты жоқ 37 көшеге орналасу ерекшеліктеріне қарай батыстан шығысқа қарай 1, 2, 6, солтүстіктен оңтүстікке қарай 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37 көше деп аталсын.

3. Бірден жиырма алтыншы көшелер орналасқан аймақ "N 1-ықшам ауданы", жиырма жетіден отыз жетінші көшелер орналасқан аймақ "N 2-ықшам ауданы" деп аталсын.

4. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

М. Илипов

әкімі

Е. Келемсейіт

хатшысы

Т. Оспанов

П а н ф и л о в а у д а н ы н ы ң

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң